

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті»  
Коммерциялық емес акционерлік қоғамы



**БЕЛГІТЕМІН**  
Басқарма Төрағасы-Ректор  
А. Куришбаев  
» 02 2025 ж.

Республикалық пәндік олимпиада туралы

ЕРЕЖЕ

Е ҚазҰАЗУ РПО - 451

Келісілген:  
Сапа жөнінде басшылық өкілі


М. Алексеева

**Құрастырғандар:**

Алпысбаева Г.Е, Койшибаев А.М., Курбаналиев Б.Б., Каримова К.С.

**Келісілді:**


Басқарма Төрағасы-Ректордың  
Бірінші орынбасары

  
\_\_\_\_\_  
(Қолы)  
« 14 » 02

П.Ибрагимов

2025 ж.


Басқарма Төрағасы-Ректордың  
орынбасары

  
\_\_\_\_\_  
(Қолы)  
« 14 » 02

А.Абдыров

2025 ж.


Тәрбие жұмысы жөніндегі  
проректор

  
\_\_\_\_\_  
(Қолы)  
« 14 » 02

А.Ералиева

2025 ж.


Қаржы директоры

  
\_\_\_\_\_  
(Қолы)  
« 14 » 02

А.Сыдыков

2025 ж.


Құқықтық қамтамасыз ету  
бөлімінің бастығы

  
\_\_\_\_\_  
(Қолы)  
« 14 » 02

С.Ордабаева

2025 ж.

СМЖ қызметінің басшысы

  
\_\_\_\_\_  
(Қолы)  
« 14 » 02

А.Мыржиева

2025 ж.

"Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті" КЕАҚ Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітілді және қолданысқа енгізілді (13.02.2025 ж. № 8 хаттама).

## Мазмұны

1. Қолдану аясы .....	4
2. Номативтік сілтемелер .....	4
3. Жалпы ережелер.....	4
4. Олимпиаданың негізгі мақсаты мен міндеттері. ....	4
5. Олимпиаданың ұйымдастыру комитеті .....	5
6. Олимпиадаға қатысушылар.....	5
7. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі .....	6
8. Олимпиаданың қазылар алқасы.....	7
9. Олимпиада жеңімпаздарын марапаттау.....	8
10. Қаржыландыру .....	8
11. Ұйымдастыру комитетіне құжаттарды жіберу тәртібі .....	8
12. Есеп беру.....	8
Қосымша 1 .....	9

## **1. ҚОЛДАНУ АЯСЫ**

Республикалық пәндік олимпиада (бұдан әрі - РО Республикалық олимпиадасы) жыл сайын неғұрлым талантты және шығармашылық белсенді студенттерді анықтау және қолдау, студенттер арасында оқу-танымдық және оқу-зерттеу жұмыстарын ынталандыру мақсатында өткізіледі.

## **2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

2.1 "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 27.07.2007 № 319-III Заңы (өзгерістермен және толықтырулармен);

2.2 "Ғылым және технологиялық саясат туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII ҚРЗ;

2.3 "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 18.11.2015 ж. № 410-V ҚРЗ 3 Заңы (өзгерістермен және толықтырулармен);

2.4 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 20.07.2022 № 2 бұйрығымен бекітілген (өзгерістермен және толықтырулармен);

2.5 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 30.10.2018 № 595 бұйрығымен бекітілген (өзгертулер мен толықтырулармен);

2.6 жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.04.2011 № 152 бұйрығымен бекітілген (өзгертулер мен толықтырулармен);

## **3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

3.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы ЖОО студенттері арасындағы республикалық пәндік олимпиада туралы (бұдан әрі - Ереже), Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің КЕАҚ (бұдан әрі-Университет) базалық ЖОО-ларда пәндік олимпиадаларды өткізу туралы ҚР ҒЖБМ бұйрығына сәйкес Республикалық пәндік олимпиаданың (Олимпиаданың) екінші кезеңін ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

## **4. ОЛИМПИАДАНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

Жоғары оқу орындары студенттері арасында өткізілетін Олимпиада – студенттердің білімі мен функционалды біліктілігін, нақты теориялық және практикалық тапсырмаларын шығармашылықпен орындау қабілеттерін айқындай алудың ашық жарысы. Олимпиада Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттерінің арасындағы тәжірибе алмасу байланыстары мен ізгілік қарым-қатынастарының одан әрі жақын қалыптасуы мен нығаюына әсер етеді.

Негізгі міндеттері:

4.1. ЖОО студенттерінің ауыл шаруашылығы және биоресурстар, Ветеринария және басқа салаларында функционалдык дағдыларын дамыту, олардың білім деңгейін арттыру:.

4.2. Студенттердің оқу-танымдық және оқу-зерттеу әрекеттерін қалыптастыру.

4.3. Студенттердің жеке-кәсіби әлеуеттерін арттыру, олардың сана-сезімін, шығармашылық қабілетін ояту, сондай-ақ өмірде өз орнын таба білуге және өз әлеуетін өзі тиімді ұсына білуге ықпал ету.

4.4 Студенттердің жаңа технологияларды меңгеру деңгейін анықтау және айқындау, заманауи ғылыми білімді дәріптеу.

4.5. Дарынды студент жастарды анықтау, олардың болашақта ғылыми-зерттеу жұмыстары мен студенттік ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысуына, сондай-ақ, ТМД елдері мен шетелде білімдерін арттыруларына ықпал ету.

4.6. Болашақ мамандардың жауапкершілігі мен тапқырлығын, ұжымда жұмыс істеу ептілігі мен шеберлігін, кәсіптік және теориялық білім деңгейін айқындау.

## **5. ОЛИМПИАДАНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ**

5.1 Ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі-ұйымдастыру комитеті) Олимпиаданы өткізуге жалпы басшылықты қамтамасыз ету және оны ақпараттық және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

Ұйымдастыру комитетінің төрағасы Басқарма Төрағасы-университет ректоры болып табылады.

5.3. Олимпиаданың ұйымдастыру комитеті:

- олимпиаданы өткізу мерзімі бойынша ұсыныс жасайды;
- олимпиаданың өткізілу бағдарламасын дайындайды;
- олимпиаданың пәндік комиссиясының құрамы – қазылар алқасы бойынша ұсыныстар жасайды;
- олимпиаданың ұйымдастырылуы мен өткізілуі жөніндегі мәліметтерді университет сайтында және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау үшін материалдар даярлайды;
- қатысушылардың тапсырысын қабылдауды, оларды тіркеуді, топтарды орналастыруды ұйымдастырады;
- қазылар алқасының ұсынысы бойынша, топты (қазақ, орыс тілді) және жеке сынақта, олимпиада жеңімпаздарының тізімін анықтайды;
- жеңімпаздарды марапаттау рәсімін ұйымдастырып, оны өткізеді;
- олимпиада қорытындысына жан-жақты талдау жасап, толықтырып, олимпиаданың өткізілгені жөнінде есеп береді.

5.3 ҚазҰАЗУ-да ЖОО-ның ІІ республикалық ЖОО аралық кезеңін өткізу, ЖОО-ларды қажетті ақпараттық қамтамасыз ету бойынша жедел басшылық жасау үшін университет өкілдерінің арасынан РО өткізу бойынша жұмыс тобы құрылуы мүмкін.

## **6. ОЛИМПИАДАҒА ҚАТЫСУШЫЛАР**

6.1 Олимпиадаға қатысуға білім беру қызметін жүзеге асыратын, олимпиаданың бірінші ЖООішілік кезеңінен бұрын өткен жоғары оқу

орындарының студенттері жіберіледі. Команда құрамына оқыту тіліне (қазақ және орыс тілдері) сәйкес әр ББ бойынша 3-тен аспайтын студент кіреді.

6.2 студенттер РО іс-шараларына қатысады:

- 1) ЖОО ішіндегі конкурстарда - жеке немесе командалық есепте;
- 2) республикалық ЖОО аралық конкурста-команда құрамында.

6.3 РО өткізу кезінде қатысушыларға (Қатысушылар командаларына) мынадай талаптар қойылады:

6.3.1. Команданың шекті саны 3 адамнан аспауы керек.

6.3.2. РО-ға қатысуға бакалавриат (мамандық) студенттері 3-4 (5) оқу курсының, сондай-ақ колледжден кейінгі 2-3 курс студенттері жіберіледі.

6.4 Конкурса қатысушылардың кандидатурасын ұсыну құқығын олар оқитын университеттің (институттың) Ғылыми кеңесі береді.

6.5 Екінші кезеңге - республикалық ЖОО аралық конкурса оқу орны ЖОО ішілік кезеңде 1 орын алған 3 адамнан тұратын команданы ұсынады.

6.6 РО-ның II республикалық ЖОО аралық кезеңіне қатысқан кезде команданың әрбір мүшесінің оқу орнынан құжаты, анықтамасы немесе тиісті ЖОО-да оқуын растайтын басқа құжаты болуға міндетті.

6.7 ҚР алдыңғы Республикалық студенттік Олимпиадаларының жүлдегерлері қатысуға жіберілмейді.

6.8 Командаға РО-ға қатысу үшін конкурстық өтінімді қабылдаудан бас тартылуы мүмкін:

- конкурстық өтінім мен Жобаны уақтылы ұсынбағанда;
- жобаның мазмұны мен ресімделуі бойынша талаптарға сәйкес келмегенде.

## **7. ОЛИМПИДАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

7.1. РО-ны жалпы әдіснамалық, ұйымдастырушылық және ақпараттық қамтамасыз етуді ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады, оның құрамын Университет айқындайды және бекітеді. Ұйымдастыру комитеті РО-ның барлық кезеңдерін өткізу кезінде туындаған даулы жағдайларды қарайды, республикалық кезеңнің қорытындысы бойынша өткізілген пәндік олимпиада туралы есеп дайындалады.

7.2. Республикалық пәндік олимпиада екі кезеңде өтеді:

бірінші кезең – өз жоғары оқу орындарында;

ал екінші кезең – республикалық.

Олимпиаданың жұмыс тілдері: қазақ және орыс тілді.

7.3 ЖОО ішіндегі РО кезеңі бакалавриат (мамандық) 3-4 (5) оқу курсының студенттері, сондай-ақ колледжден кейінгі 2-3 курс студенттері арасында өткізіледі. Студенттердің қатысуы жеке немесе командалық есепте өтеді. ЖОО турын ұйымдастыру және өткізу, жеңімпаздарды марапаттау мәселелері Университет басшыларының құзыретінде.

7.4 ЖОО ішіндегі конкурстың қазылар алқасының (конкурстық комиссиясының) құрамы университеттің ПОҚ қатарынан қалыптастырылады. Құрамы кемінде екі мүшеден және ғылыми дәрежесі бар бір төрағадан тұруы тиіс.

7.5 ЖОО ішіндегі кезеңнің қазылар алқасы (конкурстық комиссия)

отырысының нәтижелері бойынша хаттама ЖОО ішіндегі кезең аяқталғаннан кейін бес жұмыс күнінен кешіктірілмей Оқу үдерісін ұйымдастыру бөліміне ұсынылады.

7.6 РО-ның I ЖОО ішілік кезеңінің қорытындысы бойынша команданың I-ші орындарын немесе жеке сынақтарда жүлделі орындарды иеленген ҚазҰАЗУ студенттері РО-ның II республикалық ЖОО аралық кезеңіне қатысу үшін базалық ЖОО-ға жіберіледі.

7.7 РО-ның республикалық кезеңі негізгі номинациялар бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлерді (I, II, III орын алған командалар) айқындау мақсатында бекітілген конкурстық тапсырмалар бойынша командалардың офлайн немесе онлайн (ҚР ҒЖББ ұсынымдарына байланысты) қатысуы түрінде өткізіледі.

7.8 Университетте өткізілетін РО республикалық кезеңі екі кезеңнен тұрады:

Жоғары оқу орындарының командалық сәлемдесуі, әр қатысушыға – 10 балл.

**Бірінші тур** - бір дұрыс жауаппен тестілеу (мемлекеттік, орыс тілдерінде). Тест тапсырмаларының саны - 30. Уақыт бойынша тест тапсырмасын орындау 50 минутты құрайды. Тестілеу нәтижелері 0-ден 30-ға дейінгі баллдармен анықталады.

**Екінші тур** – жазбаша тапсырма (мемлекеттік, орыс тілдерінде). 2 теориялық сұрағы және 2 практикалық (ситуациялық, қолданбалы және/немесе зертханалық) есебі бар 4 тапсырмадан тұрады. Дайындық уақыты - 1,5 (бір жарым) сағаттан аспайды. Жауаптарды қазылар алқасының мүшелері (пән бойынша пәндер) 0-ден 60 балға дейін бағалайды, онда теориялық сұрақтар 10 балдық шкала бойынша, ал практикалық (ситуациялық, қолданбалы және/немесе зертханалық) тапсырмаларды 20 балдық шкала бойынша шешеді.

Екі тур бойынша жалпы қорытынды балл ең жоғары 100 баллды құрайды.

Жағдайға байланысты екінші турдың тапсырмасы өзгеруі мүмкін.

7.9 Олимпиада осы білім беру бағдарламасының екі және одан да көп пәндері бойынша өткізіледі. Пәндер 1-ден 7 семестрге дейін сайлануы керек.

7.10 Олимпиада бағдарламасы және Пәндердің атауы университет сайтында олимпиада басталғанға дейін екі апта бұрын орналастырылады.

7.11 Пәндер бойынша теориялық және практикалық тапсырмалар қатысушыларға алдын ала берілмейді.

## **8. ОЛИМПИДАНЫҢ ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ**

8.1. Олимпиада жеңімпаздарын анықтауда, жоғары шынайылыққа қол жеткізу мақсатында, пәндік комиссия – қазылар алқасы құрылады.

8.2. Білім беру бағдарламалары бойынша қазылар алқасының құрамы базалық жоғары оқу орны мен белді ғылыми және педагогикалық қызметкерлер мен олимпиадаға қатысушы командалардың жетекшілерінен құралады.

8.3. Қазылар алқасы:

- олимпиада тапсырмаларын бағалау белгілері мен әдістерін (жазбаша бақылау жұмыстарын) дайындайды;

- орындалған олимпиадалық тапсырмаларды тексеріп, бағалайды.

8.4. Финалдық бөлімнің қорытындысын шығару барысында қазылар алқасы олимпиадаға қатысушылардың екі турда жинаған балл сандарын есептеу арқылы жеңімпаздарды анықтайды.

8.5. Қазылар алқасының шешімдері хаттама түрінде ұйымдастыру комитетіне беріледі.

## **9. ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫН МАРАПАТТАУ**

9.1. Қазылар алқасының ұсынысы бойынша, қорытынды жасау, лауреаттар мен жеңімпаздарды марапаттау шараларын ұйымдастыру комитеті атқарады.

9.2. Олимпиаданы ұйымдастыру комитеті жүлдегерлерді марапаттаудың келесі ретін ұсынады:

1) 1, 2, 3 - орын алған олимпиада жүлдегерлері ҚР БжҒМ I, II, II – дәрежелі дипломдарымен төмендегі ретпен марапатталады:

1-орын - ҚР БжҒМ-нің I - дәрежелі дипломымен (1 студент);

2-орын - ҚР БжҒМ-нің II - дәрежелі дипломымен (2 студент);

3-орын - ҚР БжҒМ-нің III-дәрежелі дипломымен (3 студент).

2) Олимпиада лауреаттары дипломдармен (грамоталармен), сондай-ақ ЖОО-ның қалауы бойынша сыйлықтармен марапатталады.

3) Жетекшілері де Алғыс хатпен марапатталады.

9.3. Олимпиада жеңімпазы болып, екі тур қорытындысы бойынша ең жоғары балл жинаған қатысушы танылады.

9.4. Олимпиаданың ұйымдастыру комитеті барлық номинациялар бойынша жеңімпаздарды анықтау белгілерінің біртектілігін қамтамасыз етуі тиіс.

## **10. ҚАРЖЫЛАНДЫРУ**

10.1 РО-ға қатысу (жол жүру, тәуліктік, тұру) жіберуші Тараптың есебінен қаржыландырылады.

10.2 Университетте РО ұйымдастыру мен өткізудің барлық ұйымдастырушылық шығындарын (тапсырмалар, дипломдар, грамоталар, кеңсе керек-жарақтарына арналған шығындар және т.б.) Университет қаржыландырады.

## **11. ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНЕ ҚҰЖАТТАРДЫ ЖІБЕРУ ТӘРТІБІ**

11.1 Олимпиадаға қатысушыларды тіркеу үшін ЖОО мынадай құжаттарды ұсынады:

- олимпиаданың I кезеңінің қорытындылары туралы ректордың (проректордың) қолы қойылған сканерленген хат немесе II кезеңге қатысу үшін ұсыныммен ЖОО Ғылыми кеңесінің шешімі;

- сканерленген (Word) өтінім (1-қосымшаны қараңыз);

- сканерленген жеке куәлік / қатысушының төлқұжаты.

Республикалық пәндік олимпиадаға қатысуға өтінім (1-қосымша).

## **12. ЕСЕП БЕРУ**

12.1. Олимпиаданың өткізілгені және қорытындысы жөніндегі есеп ұйымдастыру комитетімен даярланып, университет сайтына орналастырылады және ҚР ҒЖЖБ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментіне жіберіледі.



**«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ-да өткізілетін  
Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттері арасында  
өткізілетін Республикалық пәндік олимпиадаға қатысуға  
ТАПСЫРЫС**

ЖОО толық аты \_\_\_\_\_

№	Қатысушы студенттің тегі, аты, әкесінің аты (толығымен, қысқартусыз)	Білім беру бағдарламасының тобы	Білім беру бағдарламасы (мамандық) шифры мен атауы	Курс	Қатысушының байланыс деректері: моб. тел., эл.пошта	Олимпиадаға қатысушының жұмыс тілі (қазақ / орыс)
1						
2						
3						

№	Команда жетекшісінің тегі, аты, әкесінің аты (толығымен, қысқартусыз)	Білім беру бағдарламасының тобы	Білім беру бағдарламасы (мамандық) шифры мен атауы	Қыз-меті	Ғылыми дәрежесі	Байланыс телефоны	e-mail
1							

Басқарма Төрағасы- Ректор \_\_\_\_\_

қолы

тегі, аты, әкесінің аты

М.О.

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2025ж.